

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы

Серия «Филологические науки»

Series «Philological sciences»

№ 4 (86), 2023

Алматы, 2023

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ
«Филология ғылымдары» сериясы
№4 (86), 2023 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:
филол.ғ.д., проф. С.Д. Абишева

Бас ред. орынбасары:
PhD, аға оқытушы А.А. Найманбаев

Ғылыми редактор:
PhD, қауымд.проф.м.а. Д.А. Сабирова

Редакция алқасы:
филол.ғ.д., проф. А.В. Танжарикова,
филол.ғ.д., проф. Б. Әбдіғазизұлы,
пед.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі
Ф.Ш. Оразбаева,
пед.ғ.д., профессор Шаханова Р.А.,
филол.ғ.д., проф. Н.Ә. Ильясова,
филол.ғ.д., проф. М.Ш. Мусатаева,
филол.ғ.д., проф. Қ.Ө. Есенова,
филол.ғ.к., доц. А.Д. Маймакова,
PhD, аға оқытушы Н.Н. Конкабаева
филол.ғ.к., қауымд. проф. С.А. Жиренов,
филол.ғ.к., доц. М.Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институты С.В. Ананьева,
филол.ғ.д., проф., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Б.У. Джолдасбекова,
филол.ғ.к., доц., А. Байтұрсынов атындағы Тіл
білімі институты А.М. Фазылжанова,
пед.ғ.д., профессор С.К. Рысбаев (Қырғызстан)
PhD докторы, проф. И.З. Белобровцева
(Эстония),
пед.ғ.д., проф. О.Е. Дроздова (Ресей),
филол.ғ.д., проф. А.К. Киклевич (Польша),
филол.ғ.д., проф. Г.Л. Нефагина (Польша),
филол.ғ.д., проф. Я. Войводич (Хорватия),
PhD, проф. Роллберг Петер (АҚШ),
PhD, проф. О.М. Табачникова (Ұлыбритания),
филол.ғ.д., проф. Түркмен Фикрет (Түркия).

Жауапты хатшы:
PhD, қауымд.проф.м.а. С.К. Серикова

Техникалық хатшы:
филол.ғ.к., аға оқытушы М.М. Хавайдарова

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2023

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10109-Ж

Басуға 27.12.2023. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 18,125 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 103.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS

Толуспаева Д.Ж., Саржанова Г.Б. Линейно-синтагматическая
форма словоформы и ее влияние на степень ее отделяемости..... 5

Толуспаева Д.Ж., Саржанова Г.Б. Сөз формасының
сызықтық-синтагматикалық формасы және оның бөліну
дәрежесіне әсері

Toluspaeva D., Sarzhanova G. Linear-syntagmatic form of a word
form and its influence on the degree of its separability

Шамшетова Ю.М., Ходжаниязова А.А. Лексико-
семантическая группа англицизмов периода коронавирусной
инфекции (на материале СМИ Каракалпакстана) 16

Шамшетова Ю.М., Ходжаниязова А.А. Коронавирус инфек-
циясы кезіндегі англицизмдердің лексико-семантикалық тобы
(Қарақалпакстан бұқаралық ақпарат құралдары негізінде)

Shamshetova Yu., Khodzhanizayova A. Lexical-semantic group
of englicism in the period of coronavirus infection (based on the
material of the media of Karakalpakstan)

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERARY STUDIES

Войводич Я. Русские литературные трансформации новейшего
времени 23

Войводич Я. Жаңа замандағы орыс әдеби трансформациялары
Voyvodich Ya. Russian literary transformations of modern times

Доценко С.Н. Об одной визуальной цитате: фильм «Матрица»
и «Мертвый Христос» Ганса Гольбейна..... 35

Доценко С.Н. Бір көрнекі дәйексөз туралы: Ханс Холбейннің
«Матрица» және «Өлі Христос» фильмі

Dotsenko S. About one visual quote: film «The matrix» and «Dead
christ» by Hans Holbein

Жолдыбаев О.М., Туна Ю. “Сынсу” ғұрпының бүгінгі
көрінісі..... 40

Жолдыбаев О.М., Туна Ю. Сегодняшнее видение ритуала
“Сынсу”

Zholdybaev O.M., Tuna Y. Today's view of the “Syngsu” rite

Ломова Е.А., Касымжанова М.Е. Жанр усадебного романа в
аспекте межкультурной коммуникации..... 47

Ломова Е.А., Касымжанова М.Е. Мәдениетаралық коммуни-
кация аспектісіндегі роман жанры

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Филологические науки»
№4(86), 2023 г.

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2000 года.

Главный редактор:

д.филол.н., проф. Абишева С.Д.

Зам. гл. редактора:

PhD, ст.препод. Найманбаев А.А.

Научный редактор:

PhD, и.о.ассоц.проф. Сабирова Д.А.

Члены редколлегии:

д.филол.н., проф. Танжарикова А.В.,

д.филол.н., проф. Абдигазулы Б.,

д.пед.н., проф., член-корр. НАН РК

Ф.Ш. Оразбаева,

д.пед.н., проф. Шаханова Р.А.,

д.филол.н., проф. Ильясова Н.А.,

д.филол.н., проф. Мусатаева М.Ш.,

д.филол.н., проф. Есенова К.У.,

к.филол.н., доц. Маймакова А.Д.,

PhD, ст.препод. Конжабаева Н.Н.,

к.филол.н., ассоц. проф. Жиренов С.А.,

к.филол.н., доц., Институт языкознания имени А.

Байтурсынова Ананьева С.В.,

д.филол.н., проф., КазНУ имени аль-Фараби

Джолдасбекова Б.У.,

к.филол.н., доц., Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова

Фазылжанова А.М.,

д.пед.н., проф. Рысбаев С.К. (Кыргызстан),

PhD доктор, проф. Белобровцева И.З.

(Эстония),

д.пед.н., доц. Дроздова О.Е. (Россия),

д.филол.н., проф. Киклевич А.К. (Польша),

д.филол.н., проф. Нефагина Г.Л. (Польша),

д.филол.н., проф. Войводич Я. (Хорватия),

PhD, проф. Роллберг Петер (США),

PhD, проф. Табачникова О.М.

(Великобритания),

д.филол.н., проф. Туркмен Фикрет (Турция).

Ответственный секретарь:

PhD, и.о.ассоц.проф. Серикова С.К.

Технический секретарь:

к.филол.н., ст.препод. Хавайдарова М.М.

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2023

Зарегистрировано

в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 27.12.2023.

Формат 60x84 1/8. Объем 18,125 уч-изд.л.

Тираж 300 экз. Заказ 103.

050010, г. Алматы,

пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»

Казахского национального педагогического университета имени Абая

Lomova E., Kasymzhanova M. The genre of the manor novel in the aspect of intercultural communication

Массимо М. Минимализм: от немоты до голосов XXI века..... 54

Массимо М. Минимализм: мылқаулықтан XXI ғасырдың дауыстарына дейін

Massimo M. Minimalism: from muteness to voices of the 21st century

Токшылықова Г.Б. Т.Н.Рахымжановтың «Күй аты – Дайрабай» повесіндегі күйші тұлғасының бейнеленуі..... 74

Токшылықова Г.Б. Портрет личности кюйши в повести Т.Н.Рахымжанова «Кюй называется Дайрабай»

Tokshylykova G. Portrait of the personality of kyushi in the story of T. Rakhymzhanova «Kyu is named Dairabay»

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

Yerzhanova F., Biray N. Innovative integrative fairy tale therapy at the intersection of philological research..... 81

Ержанова Ф.М., Бирай Н. Филологиялық зерттеулер тоғысындағы инновациялық интеграциялық ертегі терапиясы

Ержанова Ф.М., Бирай Н. Инновационная интегративная сказкотерапия на стыке филологических исследований

Кенесхан Г., Умарова А.Б. Развитие навыка анализа у учащихся через графические органайзеры на уроках русского языка и литературы..... 88

Кенесхан Г., Умарова А.Б. Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында графикалық ұйымдастырушылар арқылы оқушылардың талдау дағдысын дамыту

Keneskhan G., Umarova A. Development of analysis skills in students through graphic organizers in russian language and literature lessons

Климкевич А. Текст элитарной культуры в практике преподавания РКИ в Польше..... 97

Климкевич А. Польшада орыс тілін шет тілі ретінде оқыту тәжірибесіндегі элиталық мәдениет мәтіні

Klimkiewicz A. The text of elite culture in the practice of teaching russian as a foreign language in poland

Мизанбеков С.К., Кульбаева А.Ж. Межпредметная интеграция как средство мотивации учащихся к чтению художественной литературы..... 105

Мизанбеков С.К., Кульбаева А.Ж. Пәнаралық интеграция – оқушыларды көркем әдебиетті оқуға ынталандыру құралы

Mizanbekov S., Kulbaeva A. Interdisciplinary integration as a means of motivating

Abai Kazakh National Pedagogical University

BULLETIN

Chief Editor

Doctor of Philology, Professor **Abisheva S.**

Deputy Chief Editor

PhD, senior lecturer **Naimanbaev A.**

Scientific editor

PhD, Associate Prof. **Sabirova D.**

EDITORIAL TEAM:

Doctor of Philology, Assoc. Professor

Tanzharikova A.

Doctor of Philology, Professor

Abdigaziuly B.

Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

Orazbayeva F.

Doctor of Pedagogical Sciences, Professor

Shakhanova R.,

Doctor of Philology, Professor **Ilyasova N.**

Doctor of Philology, Professor

Mussatayeva M.

Doctor of Philology, Professor **Essenova K.**

Candidate of Philology Science, Associate Professor

Maimakova A.

PhD, Senior Lecturer **Konkabayeva N.**

Candidate of Philology Science, Assoc. Professor

Zhirenov S.

Ph.D. in Philology, Associate Professor, M.O.Auezov

Institute of Literature and Art **Ananyeva S.**

Doctor of Philology, Professor, Al-Farabi KazNU

Dzholdasbekova B.

Candidate of Philology Science, Associate Professor,

A. Baitursynov Institute of Linguistics

Fazyzhanova A.

Doctor of Pedagogical Sciences, Professor

(Kyrgyzstan) **Rysbayev S.,**

PhD, professor (Estonia)

Belobrovtsseva I.

Doctor of Pedagogical Sciences, Associate Professor

(Russia) **Drozdova O.,**

Doctor of Philology, Professor (Poland)

Kiklevich A.

Doctor of Philology, Professor (Poland)

Nefagina G.

Doctor of Philology, Professor (Croatia)

Voyvodich Ya.,

PhD, Professor (the USA) **Rollberg Peter**

PhD, Professor (the UK) **Tabachnikova O.**

Doctor of Philology, Professor (Turkey)

Turkmen F.

Executive Secretary

PhD, Associate Prof. **Serikova S.**

Technical Secretary

Candidate of Philology Science, Senior Lecturer

Khavaidarova M.

©Abai Kazakh National Pedagogical University,

2023

Registered in the Ministry of Culture and Information
of the Republic of Kazakhstan
8 May 2009 No10109-Zh/Ж

Signed in print 27.12. 2023.

Format 60x84 1/8. Volume 18,125
teaching and publishing lists.

Number of copies 300. Order 103.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13, Abai KazNPU
Publishing House "Ulagat" of the Abai Kazakh
National Pedagogical University

- Юсуп П.К., Юсуп А.Н.** Орта мектепте ғылыми фантастикалық шығармаларды оқыту жолдары 120
- Юсуп П.К., Юсуп А.Н.** Методика преподавания научной фантастики в средней школе
- Yusup P., Yusup A.** Methodology of teaching science fiction at secondary school

**АУДАРМАТАНУ
ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ
TRANSLATION STUDIES**

- Akbalayeva Zh.** National-cultural adaptation of the Fiction Texts in the Kazakh and English Translations..... 132
- Ақбалаева Ж.К.** Қазақ және ағылшын тіліндегі әдеби мәтіндерді ұлттық-мәдени бейімдеу мәселелері
- Ақбалаева Ж.К.** Национально-культурная адаптация художественных текстов в казахском и английском переводах
- Біздің авторлар**..... 142
- Наши авторы**
- Our authors**

О.М. Жолдыбаев¹, Ю. Туна²

¹М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Алматы, Қазақстан

²Анкара Хаджы Байрам Вели университеті
Анкара, Түркия

¹2-курс докторанты, zet.olji@mail.ru;

²PhD докторы, tuna.yildiz@hbv.edu.tr

“СЫҢСУ” ҒҰРПЫНЫҢ БҮГІНГІ КӨРІНІСІ

Аңдатпа

Мақалада жаһандану процесінің тез жүзеге асуына байланысты “Сыңсу” ғұрпының трансформациялануы, өзгеріске ұшырауы анықталды. Ғылыми зерттеудің мақсаты – ұзатылған қыздың отбасы, бауырлары, ел-жұрты, ағайын-туысымен қоштасуын талдау. Сондай-ақ, негізгі бағыттары мен идеялары ретінде – қыздың ішкі жан тебіренісі, сезімі, көңіл-күйін саралау. Зерттеу әдістемесі ретінде поэтикалық паралелизм қолданылды. Сонымен бірге типологиялық ұқсастықтар мен айырмашылықтар қысқаша сипатталды. Ғылыми мақаланың негізгі нәтижелеріне әлеуметтік желі, ғаламтордың дамуы негізгі себеп болып қарастырылды. XIX-XX ғасырдағы “Сыңсу” өлеңдерімен бүгінгі қоғамдық санадағы көрінісіне талдаулар жасалды. Бұрын ұзатылған қыз өз сыңсуын өзі орындаған. Ал қазіргі таңда “Сыңсу” айтушы арнайы “асаба” немесе “той жүргізушісі” пайда болған. Бұл – XXI ғасырдағы “Сыңсу” ғұрпының трансформациялануының айқын дәлелі. Зерттеу барысында аталған ой-пікірлер әдебиет, фольклор, этнографиялық тұрғыда, аналитикалық бағытта талқыланып, сараланып, қорытындыланады.

Түйін сөздер: Сыңсу, үйлену фольклоры, әдебиет, этнография, поэтика, той.

Жолдыбаев О.М.,¹ Туна Ю.²

¹Институт литературы и искусства им.М.О.Ауэзова,
Алматы, Казахстан

²Университет Анкары Хаджи Байрама Вели
Анкара, Турция

¹докторант 2 курса, zet.olji@mail.ru;

²PhD, tuna.yildiz@hbv.edu.tr

СЕГОДНЯШНЕЕ ВИДЕНИЕ РИТУАЛА “СЫНСУ”

Аннотация

В статье определена трансформация, трансформация обряда “Сынсу” в связи с быстрым осуществлением процесса глобализации. Цель научного исследования – проанализировать прощание дочери с семьей, братьями и сестрами, и с народом. А также в качестве основных направлений и идей – дифференциация внутреннего волнения, чувств, настроения девушки. В качестве методики исследования использовался поэтический паралелизм. В то же время были кратко описаны типологические сходства и различия. Основной причиной основных результатов научной статьи стали социальные сети, развитие интернета. Были проанализированы “Сынсу” XIX-XX веков в стихотворной форме и его проявления в современном общественном сознании. Ранее девушка сама исполняла “Сынсу”. А в настоящее время в “Сынсу” появился специальный “тамада” или “свадебный ведущий”. Это явное свидетельство трансформации обряда “Сынсу” в XXI веке. В ходе исследования

обсуждаются, дифференцируются и обобщаются данные соображения в литературном, фольклорном, этнографическом, аналитическом направлениях.

Ключевые слова: Сынсу, свадебный фольклор, литература, этнография, поэтика, свадьба.

Zholdybaev O.,¹ Tuna Y.²

*¹M.O. Auezov Institute of Literature and Art,
Almaty, Kazakhstan*

*²Ankara Haji Bayram Veli University
Ankara, Turkey*

¹2th year doctoral student, zet.olji@mail.ru;

²PhD, tuna.yildiz@hbv.edu.tr

TODAY'S VIEW OF THE “SYNGSU” RITE

Abstract

In the article, the transformation and change of the “Syngsu” ritual due to the rapid realization of the globalization process were revealed. The purpose of the scientific research is to analyze the parting of the divorced girl with her family, siblings, country, and relatives. Also, differentiation of the girl's internal emotions, feelings, and mood as the main directions and ideas. Poetic parallelism was used as a research methodology. At the same time, typological similarities and differences were briefly described. The development of social networks and the Internet was considered the main reason for the main results of the scientific article. Analyses of “Syngsu” poems of the 19th and 20th centuries and their appearance in today's public consciousness were made. The girl who was married earlier performed her wedding ceremony herself. Nowadays, a special toas, or “party host,” has appeared for the “Syngsu” speaker. This is a clear proof of the transformation of the “Syngsu” ritual in the 21st century. In the course of the research, these ideas are discussed, differentiated, and summarized in the context of literature, folklore, ethnography, and an analytical direction.

Keywords: Syngsu, wedding folklore, literature, ethnography, poetics, wedding.

Кіріспе. Бүгінгі таңда фольклортану ғылымы көп өзгерді. Әсіресе “Отбасы ғұрпы” айрықша айтуға болады. Посмодернизм дәуірінде үйлену салты мүлде басқа кейіпке еніп барады. XXI ғасырда ғылым мен жаңа технологияның қарыштау даму үстінде. Сонымен қатар ғаламтордың жылдамдығы жаһандану процесін жылдамдатуда. Соның салдарынан екі жастың отау көтерген тойларына да өзгеріс енуде. “Инстаграм”, “Тик ток” әлеуметтік желілер арқылы тойдың неше түрлі қызықты сәттері жарияланады. Әсіресе “Ұзату тойы” айрықша кейіпке енген. Оның өзінің сән салтанаты айрықша. Соның ішіндегі “Сыңсу” айту мүлдем басқаша көрініс тапқан.

Мақаланың өзектілігі – үйлену ғұрып фольклорының көлемді жанрының бірі “Сыңсу” жырының бүгінгі көрінісіне талдау жасау.

“Сыңсу” ғұрыптық өлеңдерін бірқатар зерттеушілер зерттеген. Нақтырақ әдебиетші, фольклортанушы, этнограф, тарихшы ғалымдар арнайы ғылыми ізденістер, мақала жазған. Өткен XX ғасырда бірінші жартысында Алаш қайраткерлері С.Сейфуллин, М.Әуезов, 1970-80 жылдары Б.Уахатов арнайы зерттеген. Бертін келе фольклортанушы, этнограф, тарихшылар Х.Арғынбаев, Ш.Ыбыраев, К.Матыжанов және т.б. зерттеушілер ғылыми тұрғыда зерттеді. Мұның баршасы “қыз ұзату” тойында орындалатын тұрмыс-салт өлеңдерінің қатарына кіреді.

Сондай-ақ ойын-сауық, той жиын, қазақ мәдениетіндегі орын Ш.Құсайынов, Ы.Дүйсенбаев С.Қасқабасов атап көрсеткен [1,83]. Жоғарыда аталған зерттеушілердің еңбектеріне сүйеніп, зерттеулер жасалды.

Бүгінде “қыз ұзату” тойларында айтылатын “Сыңсу” өлеңдерінің мәні мен мағынасы өзгеріске ұшыраған. Осы жырды ұзатылған қыз орындамайды. Оны арнайы әнмен орындайтын мамандары шыққан. Олар жалдамалы ақыға қызды ұзатып шығарып салады. Мұны “әнші”, “асаба”, “домбырашы” немесе елге белгілі өнер адамдары кәсіп ретінде қалыптастырған.

Сонымен қатар жаңа заманға лайықты негізгі атрибуттар пайда болған. Яғни ертедегі қазақтар “домбыра”, “сыбызғы”, “саз сыртай”, “жетіген” қолданса, қазіргі таңда “электронды домбыра”, “Yamaha” т.с.с. түрлі заманауи технологияны қолданады. Бұрынғы заманда ұзатылған қыздың өзі сыңсуын айтса, қазір оны өзі мемес, арнай маман әнмен орындайды. Осы аталған ой-пайымдар мәселе ретінде талқыланды.

Зерттеу жұмысының объектісі – “Сыңсу” ғұрпының бүгінгі қоғамдық санадағы көрінісі мен ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда зерттеу. Сонымен бірге

Мақсаты – қыз ұзату тойындағы ең айрықша сәттегі көріністі әртүрлі атау қалыптасқандағы айқындалды. Бұл туралы ғалымдардың пікірі әртүрлі. Яғни “қоштасу”, “танысу”, “қыздың жылау” деп бірнеше бөлікке бөлген. Осы ойлардың түпкі мағынасын ашу көзделеді.

Зерттеудің міндеті – көтеріліп отырған тақырыптың қазіргі қоғамдағы міндетін, мәдени өмірге тигізіп отырған ықпалын анықтап, фольклортану мен әдебиеттану ғылымындағы орын нақтылау.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері ретінде – поэтикадағы психологиялық-паралелизм, фольклор ғылымында типологиялық ұқсастықтар мен айырмашылықтар, салыстырмалы-салғыластырмалы пайдаланылды.

Қыз ұзату тойындағы қыздың, отбасы, бауырлары, ел-жұрты, ағайын туысы, бірге өскен дос-жарандарымен қоштасуының негізгі мән-мағынасы сараланады. Бұның семантикалық астары бар. Мәселен шығыс өңірден туып өскен бойжеткен, батыстағы күйеу жігіттің қолынан ұстап тұрмысқа шығады. Баяғы жаугершілік заманда жау шапса, әлгі ұзатылған қыз тірі қалмауы мүмкін. Сондықтан да ұзатылған да соңғы рет қоштасу өлеңін айтқан. Қазіргі таңда ғылым мен технологияның дамыған кезі. Бір өлкеден екіншісіне ұшып немесе, пойыз, көлікпен бару мәселе емес. Сол себепті қыздың қоштасу өлеңдерінің мағынасы, мәтіні, айтылу ырғағы, гипотезалық болжамдар жасау арқылы тұжырымдалады.

Әдістеме. Мақала “Отбасы ғұрып фольклоры” оның ішінде “Қазақтың үйлену ғұрып фольклоры” бөліміне қарасты “Сыңсу” жанры төңрегінде жазылды. Сонымен қоса бүгінгі қоғамдық санадағы қыз ұзату тойларында айталатын ұзатылған қыздың қоштасу өлеңдері сипатталды. Ғылыми жұмысты зерттеудің әдістәсілдеріне – поэтикадағы психологиялық-паралелизм, фольклор ғылымында типологиялық ұқсастықтар мен айырмашылықтар, салыстырмалы-салғыластырмалы пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелерінің қорытындылары бойынша “Сыңсу” ғұрпы әлі де болса өміршең, бүгінгі қыз ұзату тойының ең ғажап тұсы, әнмен әрленген, қара өлең ұйқасымен өрілгендігі баяндалады. Сондай-ақ қай кезде, қандай уақытта, қай сәтте орындалатындығы дәлелденіп, тұжырымдалады.

Нәтижелер. Зерттеу жұмысында Қыз ұзату жұмысының ең көркем әрі әсерлі сәті “Сыңсу” өлеңдерінің бүгінгі бейнесі анықталды. ХХІ ғасыр капиталистік қоғамның дәуірі. Барлық нәрсе, іс-қимыл, өмір сүру деңгейі экономикалық көрсеткіштермен өлшенеді. Қалыңдық пен күйеу жігіттің үйлену салтын өткізу оңайға соқпай тұр. Себебі бізде орта тап енді қалыптасып келеді. Бір ғана “Сыңсу” өлеңін айтқызу оңай болмайды. Оны орындайтын арнайы маманға орындатады. Қысқасы тойханда қыз ұзату тойын сән-салтанатымен жасау өзінше бір өзекті мәселеге айналды.

Сыңсу – той жырларының ішіндегі лирикалық толғаныстарға бай, аса бір көркемдерінің бірі. Оның ішкі мазмұны қайғы-мұңға, толғаныс пен шерге толы болғанымен де, соның әрқашан оптимистік сарынмен аяқталық отырады [1,94].

Осы уақытқа дейін “Сыңсу” жырын мұлы-қайғылы деп қарап келдік. Расында психологиялық паралелизм, теңеу көп қолданылады. Бірақ тойдың аты той. Бұл тойдың арты – ойын-сауыққа ұласары анық. Өйткені келген қонақтар көңіл-көтеру үшін, ұзатылып баражатқан қызға бақыт, өмірде жақсы сәттер көп болуы мақсатында ақ-тілегін арнайды. Тойдың маңыздылығы туралы этнограф А.Толеубаев Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX- начало XX в.) деп аталатын кітабында толық деректер келтіріп, үйлену тойында дейінгі рәсімдерді зерттеген [2,15-21].

Зерттеу нәтижесі ретінде Қыз ұзату тойының ең көркем әрі әсерлі сәті, бүгінгі қоғамдық санадағы көрінісі жаңғырған трансформацияға түскен, үйлену ғұрып фольклорының айрықша жарны “Сыңсу” деп баға беріліп, тұжырым жасалды.

Талқылау. Қазақтың үйлену ғұрпы фольклоры ең көлемді әрі эстетикалық әсері зор жанры ол – Сыңсу. Көшпенді және жартылар көшпенді ғұмыр кешкен ата-бабаларымыз салт-дәстүрге бекем болған. Қызды ұзату кезінің өзі айрықша сән-салтанатымен өткен. Той-жиын жасап, арты ойын-сауыққа ұласқан. Қыз бала бой жетіп, ұзатылар шақта ел-жұрты, ағайын туысы, отбасы, бауырларымен қоштасу сөзін айтқан. Мұны қыздың ішкі жан-сыры, “монологі” деп те атайды.

Бұл жанрға қатысты бірқатар ой-пікірлер бар. Дәлірек айтқанда фольклортанушы К.Матыжанов “Қыз ұзату тойында айтылатын мұндай өлеңді қазақ арасында “қыздың қоштасуы”, “қоштасу”, “танысу”, “қыздың жылауы”, “қыздың көрісуі”, “сыңсыма”, “сыңсу” деп алуан түрлі атап келген”, – деген ойды айтады [3,146]. Бір топ зерттеушілер әртүрлі атау беріп сыңсуды сан алуан атпен атағысы келеді. Бірі жұбату, ендігісі қоштасу, үшіншісі жеке монологі деп этимологиясын қазбалап жүр. Әрбір зерттеуші әр тарапқа тартады. Әрине барлығының келтірген пайымдары орынды. Дейтұрғанмен қазақтың дүниетанымымен мәдениетіне баяғыдан сіңген, әр өңірде бірдей қолданылатын, бәріне түсінікті “Сыңсу” терминін қолданған жөн.

Бұрынғы заманда “Сыңсу” айтдың өз себебі болған. Өйткені жаугершілік кезеңде қыз бала бөтен жерге ұзатылады. Ол өзінің туып-өскен елінен жыраққа кететінін біледі. Сөйтіп осы уақытқа дейінгі ең қызықты, ең есте қалған ерекше сәттерін, қимас адамдарын, кішкентайдан бірге құрбы-құрдастарына арнап өлең арнаған. Бұл өлең ұзатылып бара жатқан қыздың өз жанына шығарып, белгілі бір жақын адамдарына арнап айтылады. Мұның түпкі мағынасы “қыз жат жұрттық” деген мақалға саяды. Яғни жаугершілік заманда, қыз бала енді қайтіп төркінін көру немесе көрмеуі екіталай екендігі баяндалады. Осы аталған мысалдар ұзатылған қыздың қоштасу көлеңінде кездеседі.

Бұрынғы кезде сыңсу жырының мән-мағынасы терең болған. Бұл жанрдың өзі бірнеше бөлікке бөлінген. Әрбір адамға байланысты айтылатын “Сыңсу” мәтіндері бар. Нақтырақ қыздың: әкеге, шешеге, ағасына, інісіне, әпкесіне, сіңлісіне, жеңгесіне, үйіне айтқаны деп бөліне береді.

Қазақтың қыз ұзату тойында қыздың жағыда қоштасып қайым айтқан. Мұның өзін бірнеше типке бөледі. Мәселен: анасының қызымен қоштасуы, інісінің әпкесімен қоштасуы, жеңгесінің қоштасуы деп бөлінеді. Осындай талдаулар арқылы “қыздың қоштасуы” және “қызбен қоштасуы” сәті деп екі топқа бөлуге болады.

Бұрынғы Сыңсу:

Бұлғақтап жүрген заманым,

Білмей де қалдым өтерін.

Малға мені сататындай,

Мен жұртыма жаума едім?!

Жат жұрттық болып кеткен соң,

Кетер ау бастан сәулетім.

Дәуренім менің өткен соң,

Естіле жүрер дейсіз бе?

Не болып жүрген хабарым!
Заманым қиын болар-ау,
Көкірекке қайғы толар-ау,
Осылайша жүзім солар-ау!... [4,128].

Мұнда бойжеткеннің барлық ішкі толғанысы айтылады. Балалық шағы, бойжеткен кезі, қалың мал берген сәті, қыз ғұмырының қысқалығы, алдағы келін болу кезеңін болжау, болашағының жат жұртта өтетіндігін мезейді.

Осы өлең жолдарына қарап отбасы азалау фольклорына жақындығын байқайсыз. Яғни “Сыңсу” мен “Жоқтау” типологиялық ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар. Мұны Б.Уахатов “ортақ” және “ұқсас” деген типологиялық терминдерге анықтама береді [5,34]. Әрине ғалым басқа мағынада осы терминдерді қолданады.

Бұрын сыңсуды ұзатылып жатқан қыздың өзі орындаса, қазір арнайы мамандар қоштасу өлеңін айтады. Жоқтауды қайтыс болған кісінің жесірі немесе туыстары, арнайы жоқтау айтатын әйелдер орындындайтындығымен айырмашылығы байқалады. Ал ұқсастығы өлеңнің қоштасу мәтінінде болса керек-ті.

Бүгінде “Сыңсу” өлеңдерінің көрінісі өзгерген. Яғни жекелеген ақын, композитор арнай әні мен сөзін жазады. Сөйтіп, қыздың ұзатылар сәттегі әні дайып әзірленеді.

Қазіргі Сыңсу:

Екі бағлан отау құрды, топтасты,

Екі тасқын бір айдынға тоқтасты,

Қыз ұзату тойы дейміз, жігіт ше?

Жігіт бүгін “бостандықпен” қоштасты, – дейді [6].

Өлеңін жазған – К.Салықов, әнін жазған – М.Ілиясов. Мұнда екі ерекшелікті байқауға болады. Алдыңғы екі тармақ екі жастың шаңырақ көтергендігін меңзейді. Ал соңғы екі жол жігітке арналып тұр. Өлең соңғы жолында “Жігіт бүгін “бостандықпен” қоштасты” дейді. Бұл дегеніміз – “күйеу бала атанды”, “қайын жұрты пайда болды” дегенді мезейді. Демек осы арқылы “Сыңсу” ғұрпының трансформацияға түскендігін көре аламыз. Бұл өлеңді арнайы нотаға салады, музыкасын шығарады, арнайы орындаушы орындайды, керек болса дауысын бастырады. Яғни фонограмма көмегімен кез келген қыздың ұзату тойын ғажап деңгейде өткізіп береді. Қыз ұзату тойын өткізуші арнайы маман болады. Оны халық “тамада”, “асаба” немесе “той жүргізушісі” деп атайды. Қазіргі таңда ұзатылатын қыздың ел жұртымен қоштасу өлеңін әншілер орындап жүр. Ал маңайындағы қошеметшілері ағайын-туысы, отбасы болса, қызды ұзатып шығарып салатын әнші, биші, күшілер қауымы болып есептеледі. Бір ерекшелігі “Сыңсу” өлеңін орындаушы ол – қай заманда да әйел адам. Бұл қалыптасқан үрдіс.

Қыз ұзату тойы – ол ойын-сауыққа, көңіл көтеруге арналған. Бұл туралы XIX ғасырдың екінші жартысында Оңтүстік Қазақстанға сапарлаған миссионер Н.И. Гродековтың “Киргизы и каракиргизы Сырдаринской области” [7,58-74] атты жазбаларынан байқауға болады. Сондай-ақ ол құдаласу, қалың мал беру, не қию, үйлену той бәрі-бәрін егжей-тегжей жазып алған. Сол кездегі патшалық ресейдің тапсырмасымен қазақтың әдет-ғұрпын халықтың арасында жүріп, көзімен көріп, жергілікті адамдармен сөйлесіп хатқа түсірген. Оның пайдасын бүгінгі ғалымдар көріп, үйлену тойының ең басты мереке екендігіне дәлелдер табуда.

“Сыңсу” өлеңінің түпкі мақсаты – қыз ғұмырының қысқалығын жеткізу. Ерте уақытта қыз бала 15-16 жасында ұзатылған. Бір рудан екіншісіне қалыңдық ретінде айтырылған. Аталағн қоштасу өлеңдерінің мазмұнын қарайтын болсақ. Көбіне “қалың мал” беру, ата-анасының өзге біреулермен “құдаласуын” сынаған сөздер ұшырасады. XX ғасырдың басында С.Көбеев “Қалың мал”, М.Дулатов “Бақытсыз жамал”, С.Торайғыров “Қамар сұлу”, Ж.Аймауытовтың “Ақбілек”, Б.Майлин

“Шұғаның белгісі”, М.Әуезовтың “Қорғансыздың күні” сияқты бірқатар әңгіме, повесть, романдар жазылды. Тақырып – гендер мәселесі. Әйелдер теңсіздігі, әсіресе қыз баласының мал-мүлікке пұлдануы, қалың мал төлеу проблемасы көтерілді. Осы аталған Алаштың қайраткер-қаламгерлері осы тақырыптарды арнайы мәселе етіп көтерді, мақала жазды. Осылайша азаматшалардың ішкі психологиялық жандүниесін қоғамға көрсете білді. Олар үйлену ғұрпына қатысты өлеңдерді басшылыққа алып прозалық шығарма тудырды. Қазақ фольклорынан хабардар болды. Ал мұның түпкі мағынасы “Сыңсу” жырында сан-ғасыр бойы айтылған еді. Осы өзекті тақырыпты фольклордан жазба әдебиетке айналдырып, басты кейіпкер, образды әйел етіп алып, қаузады.

Фольклортанушы ғалым Ш.Ыбыраев “Қазақтың ғұрыптық фольклоры” [8,230]. ұзатылған қыздың соншама жылап қоштасуына үлкен мән береді. Мұндай үрдісті өлемен теңестіреді. Яғни бір қарағанда о дүниеге аттанған адамның артынан айтылатын жоқтаудай әсер қалдыратындығын айтады. Жалпы “Сыңсу” жырында психологиялық паралелизм, былайша айтқанда метафра көп қолданылады. Поэтикалық көрмедік әдеби әдіс-тәсілдер, әсірелеу басым. Мұның бәрі адамның ішкі көңіл-күйін бейнелейтін ерекшеліктер болып саналады.

Бүгінгі таңда қыз баласының ұзатылу жасыда ұзарған. Орта есеппен 25-30 жасында ұзатылады. Ұзатылып бара жатқан қыз жылап қоштасуы мүмкін. Бүгінгі таңдағы қыз ұзату тойларының ішінде ойын-сауық элементтері басым болады. Жалпы ойынның қоғамдағы ролі туралы зерттеушілер А.Ислямбекова, К.Матыжановтар бірқатар жақсы ой-пікірлер айтқан [9,78].

Интернет – кез келген тойдың ғажап жарнамасына айналды. Инстаграм, Фейсбук, Тик ток, Ютуб, Ватсап әлеуметтік желілері арқылы неше түрлі қыз ұзату тойларын көреміз. Соның ішінде “Сыңсу” жырын музыка мен кейде шынайы домбыра, сыбызғы, саз сырнай, дауылпазбен орындайтындар шықты. Бірақ – ақылы. Барлық той қызметтеріне қаржы төлеу қажет. Арнайы қыз ұзату тойларына бейімделген мейрамханалар бар. Осының бәрі қалыңдық тараптың орындайтын айрықша тойы болып есептеледі. Ал қыз ұзату тойының көркі ол – Сыңсу. Сондай-ақ сыңсу айту қыз ұзату тойының ең аяқталғандығын білдіреді. Осының бәрі – сыңсу ғұрпының бүгінгі таңдағы көрінісін, заманға сай трансформацияланғандығын дәлелдейді.

Қорытынды. Мақалада үйлену ғұрпының көлемді жанры “Сыңсу” жанры жан-жақты талданды. XIX ғасырдағы патшалық Ресей өкіметі тұсындағы мииссионерлердің қазақ даласынан жазып алған жазбалары қаралды. Сондай-ақ XX ғасырдағы қазақ зерттеушілерінің еңбектері қарастырылды. Сол кезеңдегі ақын-жазушылар, Алаш қайраткерлерінің жазбалары, ойлары, романдары, әңгімелері сөз болды. Тақырыпқа қатысты фольклортанушы, этнограф, тарихшы, әдебиетші ғалымдардың монографиясы, зерттеу мақалаларынан үзінділер келтіріліп, сілтемелер алынды. Дәлірек айтқанда бұрынғы кездегі қыз ұзатылар шақтағы қоштасу сәті мен бүгінгі таңдағы бет бейнесі салыстырмалы-салғыластырмалы әдіс-тәсілдер арқылы зерттелді. Метафралық элементтер аз-кем қолданылды. Типологиялық ұқсастықтар мен айырмашылықтар зерделенді.

XXI ғасыр – ғылым мен жаңа технологияның дәуірі. Бүгінде интернеттің күш-қуаты артып барады. Бұл – өз кезегінде үйлену тойына тікелей әсер етуші фактор. Ғаламтор құдіретін санамалай келіп қыз ұзату тойы, оның ішінде “Сыңсу” өлеңінің бірнеше варианты пайда болғандығы дәлелденді. Яғни жекелеген ақын, композитор, әнші өзі қыз ұзату тойына арнап “Сыңсу” әнін, музыкасын шығарады. Мұны той-жиында орындайды. Осылайша заманға сай етіп ырғағын келтіріп, музыкамен әрлеп, өз еңбегімен қаржы табатындар шықты. Бұны қоғамда құпташылар да, даттаушылар да бар. Осындай ерекше жағдайлар “Сыңсу” ғұрпының бүгінгі бейнесін айқындап тұр.

Түйіндей келе әлі де бұл тақырып психология, педагогика, әдебиет пен фольклор, этнография ғылымдары бойынша тереңірек талданып, зерттелері сөзсіз.

Ескерту: Ғылыми мақала М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты “Алтын Орда дәуірі және қазақ фольклоры” АР14871880 гранттық жобасы аясында дайындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. I-том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 812 бет.
2. Толеубаев. А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-начало XX в.). – Алматы: Ғылым, 1991. – 214 с.
3. Матыжанов К. Қазақтың отбасы фольклоры. – Алматы: Арыс, 2007. – 332 бет.
4. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2012. – Т.90: Ғұрыптық фольклор. – 432 бет.
5. Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 160 бет.
6. Қыз ұзату тойының әндері (Сыңсу, Қайым айту) // Qazbrand.info. <https://qazbrand.info/all/1360/yz-zatu-tojyny-nderi-sy-su-ajym-a/>
7. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сырдаринской области. – Москва: Восточная литература, 2011. – 566 с.
8. Ибраев Ш. Қазақтың ғұрыптық фольклоры. – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 252 бет.
9. Ислямбекова А., Матыжанов К. Актуальные вопросы фольклористики казахских детских игр // Том 28. Выпуск 109. DOI 10.22559/folklor.1997.

References:

1. Kazak adebiyatinin tarikhy. I-tom. – Almaty: KazAkparat. 2008. – 812 bet.
2. Toleubayev. A.T. Relikty doislamskikh verovaniy v semeynoy obryadnosti kazakhov (XIX - nachalo XX v.). – Almaty: Gylym. 1991. – 214 s.
3. Matyzhanov K. Kazaktyn otbasy folklory. – Almaty: Arys. 2007. – 332 bet.
4. Babalar sozi: Zhuztomdyk. – Astana: Foliant. 2012. – T.90: Guryptyk folklor. – 432 bet.
5. Uakhatov B. Kazaktyn turmys-salt zhyrlarynyn tipologiyasy. – Almaty: Gylym. 1983. – 160 bet.
6. Kyz uzatu toyynyn anderi (Synsu. Kayym aytu) // Qazbrand.info. <https://qazbrand.info/all/1360/yz-zatu-tojyny-nderi-sy-su-ajym-a/>
7. Grodekov N.I. Kirgizy i karakirgizy Syrdarinskoy oblasti. – Moskva: Vostochnaya literatura. 2011. – 566 s.
8. Ibrayev Sh. Kazaktyn gurypty? folklory. – Nur-Sultan: L.N.Gumilev atynda?y E?U. 2021. – 252 bet.
9. Islyambekova A., Matyzhanov K. Aktualnyye voprosy folkloristiki kazakhskikh detskikh igr // Tom 28. Vypusk 109. DOI 10.22559/folklor.1997.

Біздің авторлар

Толуспаева Дариға Жұмабекқызы – Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, г.ғ.м., аға оқытушы, e-mail: dmn_tm@bk.ru

Саржанова Ғалия Байжұмақызы – PhD., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Шет тілдер факультетінің шет тілдерін даярлау теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, e-mail: galiya008@mail.ru

Шамшетова Юлдуз Махаматдиновна – Әжинияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты, 2-курс докторанты, Нөкіс, Өзбекстан, yulya911@list.ru

Ходжаниязова Айгуль Айтмуратовна – Әжинияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Нөкіс, Өзбекстан, aygul1671@gmail.com

Войводич Ясмينا – Загреб университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор, Хорватия

Доценко Сергей Николаевич – гуманитарлық ғылымдар институты, Таллин университеті, Таллин қ., Эстония

Жолдыбаев Олжас Мұратбекұлы – М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2-курс докторанты, zet.olji@mail.ru

Туна Юлдуз – PhD доктор, Анкара Хаджы Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия, tuna.yildiz@hbv.edu.tr

Ломова Елена Александровна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, elena_lomova_@mail.ru

Касымжанова Маржан – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, PhD докторант, honey_marjan95@mail.ru

Массимо Маурицио – Әдебиеттанушы, славист, аудармашы, Турин университетінің профессоры, Италия

Токшылықова Гульназ Базарбаевна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, аға оқытушы

Ержанова Феруза Мерибековна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, PhD, қауымд. проф. м.а., ferusa@mail.ru

Бирай Наргис – Памуккале университеті, Денизли, Түркия, филология профессоры, nergisb@gmail.com

Кенесхан Гүлмира – Химиялық-биологиялық бағыттағы Назарбаев зияткерлік мектебі

Умарова Акмарал Базархановна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, магистр, оқытушы

Климкевич Александра – Гданьск университеті, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Гданьск, Польша, aleksandra.klimkiewicz@ug.edu.pl

Мизанбеков Серик Коспиевич – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), serik_mizanbekov@mail.ru

Кульбаева Альмира Жусупбековна – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, педагогика магистрі, докторант, almira_kulbaeva@mail.ru

Юсуп Пархат Қорабайұлы – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, farhat.yusup.70@mail.ru

Юсуп Айжан Нурашқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, ayzhan.yusup@mail.ru

Ақбалаева Жанат Келжанқызы – Қазақ-Америка университетінің факультеті, Халықаралық білім беру корпорациясы, профессор ассистенті, аға оқытушы, Akbala_zhanat_kau@mail.ru

Наши авторы

Толуспаева Дариға Жұмабекқызы – КарУ имени Е.А.Букетова, м.г.н., старший преподаватель, e-mail: dmn_tm@bk.ru

Саржанова Галия Байжұмақызы – PhD, заведующая кафедрой теории и методики иноязычной подготовки факультета иностранных языков Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, e-mail: galiya008@mail.ru

Шамшетова Юлдуз Махаматдиновна – Нукусский государственный педагогический институт имени Ажинияза, докторант 2 курса, Нукус, Узбекистан, yulya911@list.ru

Ходжаниязова Айгуль Айтмуратовна – Нукусский государственный педагогический институт имени Ажинияза, кандидат педагогических наук, доцент, Нукус, Узбекистан, aygul1671@gmail.com

Войводич Ясмينا – Загребский университет, доктор филологических наук, профессор, Хорватия

Доценко Сергей Николаевич – Институт гуманитарных наук, Таллиннский университет, г. Таллинн, Эстония

Жолдыбаев Олжас Муратбекович – Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, PhD докторант, zet.olji@mail.ru

Туна Юлдуз – Университет Анкары Хаджи Байрама Вели, Анкара, Турция, tuna.yildiz@hbv.edu.tr

Ломова Елена Александровна – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, кандидат филологических наук, доцент, elena_lomova_@mail.ru

Касымжанова М.Е. – Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, докторант PhD, honey_marjan95@mail.ru

Массимо Маурицио – литературовед, славист, переводчик, профессор Туринского университета, Италия

Токшылыкова Гульназ Базарбаевна – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, старший преподаватель

Ержанова Феруза Мерибековна – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, PhD, и.о. ассоц. проф., ferusa@mail.ru

Бирай Наргис – Университет Памуккале, Денизли, Турция, профессор филологии, nergisb@gmail.com

Кенесхан Гульмира – Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления

Умарова Акмарал Базархановна – Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Климкевич Александра – Гданьский университет, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Гданьск, Польша, aleksandra.klimkiewicz@ug.edu.pl

Мизанбеков Серик Коспиевич – Казахский национальный университет им. аль-Фараби, к.п.н., ассоциированный профессор (доцент), serik_mizanbekov@mail.ru

Кульбаева Альмира Жусупбековна – Казахский национальный университет им. аль-Фараби, магистр педагогики, докторант, almira_kulbaeva@mail.ru

Юсуп Пархат Қорабайулы – Кафедра казахской литературы Казахского национального женского педагогического университета, магистр педагогических наук, старший преподаватель, farhat.yusup.70@mail.ru

Юсуп Айжан Нурашқызы – Кафедра казахской литературы Казахского национального педагогического университета имени Абая, магистр педагогических наук, старший преподаватель, ayzhan.yusup@mail.ru

Акбалаева Жанат Келжановна – Факультет Казахско-Американского Университета Международной Образовательной Корпорации, ассистент профессора, старший преподаватель, Akbala_zhanat_kau@mail.ru

Our authors

Toluspaeva Dariga – Karaganda Buketov University, M.Sc., e-mail: dmn_tm@bk.ru

Sarzhanova Galiya Baizhumaqyzy – PhD., Head of the Department of Theory and Methods of foreign language training, Foreign languages Faculty, Karaganda Buketov University, e-mail: galiya008@mail.ru

Shamshetova Yulduz – Nukus State Pedagogical Institute named after Ajiniyaz, 2nd year doctoral student, Nukus, Uzbekistan, yulya911@list.ru

Khodzhanliyazova Aigul – Nukus State Pedagogical Institute named after Ajiniyaz, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Nukus, Uzbekistan, aygul1671@gmail.com

Vojvodic Jasmina – University of Zagreb, Doctor of Philology, Professor, Croatia

Dotsenko Sergei – School of Humanities, Tallinn University, Tallinn, Estonia

Zholdybayev Olzhas – M.O. Auezov Institute of Literature and Art, PhD student, zet.olji@mail.ru

Tuna Yildiz – Ankara Haji Bayram Veli University, Ankara, Turkey, PhD, tuna.yildiz@hbv.edu.tr

Lomova Elena – Abai Kazakh National Pedagogical University, Ph.D. professor, elena_lomova_@mail.ru

Kasymzhanova Marzhan – Al-Farabi Kazakh National University, doctoral student, hon-ey_marjan95@mail.ru

Massimo Maurizio – Literary critic, Slavist, translator, Professor at the University of Turin, Italy

Tokshylykova Gulnaz – Abai Kazakh National Pedagogical University, senior lecturer

Yerzhanova Feruza – Abai University, acting associated professor, ferusa@mail.ru

Biray Nergis – Pamukkale University, Denizli, Turkey, philology professor, nergisb@gmail.com

Keneshan Gulmira – Nazarbayev Intellectual School of Chemical and Biological Directions

Umarova Akmaral – Abai Kazakh National Pedagogical University, Senior teacher

Klimkiewicz Aleksandra – Gdansk University, Candidate of Philology Science, Associate Professor, Gdansk, Poland, aleksandra.klimkiewicz@ug.edu.pl

Mizanbekov Serik – doctor of pedagogical sciences, professor, serik_mizanbekov@mail.ru

Kulbaeva Almira – magister of pedagogical sciences, doctoral student, almira_kulbaeva@mail.ru

Yussup Parkhat – Department of Kazakh Literature, Kazakh State Women's Pedagogical University, Master of Pedagogical Sciences, Senior teacher, farhat.yusup.70@mail.ru

Yussup Ayzhan – Department of Kazakh Literature, Abai Kazakh National Pedagogical University, Master of Pedagogical Sciences, Senior teacher, ayzhan.yusup@mail.ru

Akbalaeva Zhanat – Faculty of Kazakh-American University, International Educational Corporation, Assistant Professor, Senior Tutor, Akbala_zhanat_kau@mail.ru